


Ónege



НЕКЕ –

*шеберлікті
талап ететін іс!*

Өмірлік жарды –
әйел таңдаймыз!



УДК 159.9
ББК 88.4
Б 18

«Отбасы академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы
қоғамдық қорымен ұсынылған.

Жоба ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты аясында жүзеге асты.

Рецензия жазған: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
психология ғылымдарының ғылымдарының кандидаты, доцент М.П. Кабакова.

Б18 Байболова М., Мищенко М. Неке – шеберлікті талап ететін іс! Өмірлік жарды – әйел таңдаймыз! /
Суретшісі Адильбекова К. – Алматы, 2019. – 32 бет.

ISBN 978-9965-23-522-1

Бүкіл өмір бойы бірге өткізетін жарды қалай таңдау керек? Бұл мағынасыз сұрақ емес, осы туралы осы кітап авторлары ой толғайды. Кітапшаның тірі әрі шынайы тілі оқырмандарды қызықтырып, өмірлік жар – әйел таңдау жолында қандай маңызды сәттер бар екені туралы ойларға жетелейді. Сонымен бірге қалай қалыңдықты табу және онымен бірге жұмылған команда болу керектігі жөнінде ұсыныстар мен достық кеңестер береді.

Кітап негізінен отбасын құрғысы келетін бозбалаларға, сондай-ақ жалпы неке мен отбасы мәселесіне қызығушылық білдірген барлық жандарға пайдалы болмақ.

Оқулық «Отбасы Академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы» ҚК-ның «ОНЕГЕ» жобасы аясында отбасылық қарым-қатынас мәселесі бойынша өзекті әрі заманауи ақпарат беру мақсатында дайындалды.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік грантының қолдауымен басылып отыр.

«Отбасы академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы» ҚК басылымның мазмұнына жауап береді, ол «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның ұстанымын білдіреді деген сөз емес. Осы жинақта берілген авторлардың көзқарасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

ISBN 978-9965-23-522-1

УДК 159.9
ББК 88.4

© «Отбасы академиясы» ҚК, 2019
© Байболова М., 2019
© Мищенко М., 2019
© Адильбекова К., суреттер, 2019

Редакторы Спиридонова Н.В.
Суретшісі Адильбекова К.
Дизайн жасаған және беттеген Шипилова Т.А.

Баспаға жіберілген күні 06.09.19. Форматы 60x81 1/16.
Жылтыр қағаз. Офсеттік баспа. Шартты баспа табақ 2,0. Тираж 80 000 дана. Тапсырыс № 2085-2/1.
«Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы қ., Сәтбаев көш., 30а/3, 124-кеңсе.
Тел.: 7(727)399 94 59, 399 94 60, 399 94 61, 399 94 62

НЕКЕ – ШЕБЕРЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕТІН ІС!

Өмірлік жарды – әйел таңдаймыз!

Мазмұны

АЛҒЫСӨЗ 2

4 ӨЗІҢНЕН БАСТА

ДҰРЫС ТАҢДА 8

12 ЖАҚСЫ КҮЙЕУ БОЛ
Қауіпсіздік сезімі
Маңыздылықты сезіну
Жақындық
Басшылық

18 ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОТБАСЫ
ТУЫСҚАҢДАРМЕН
ҚАТЫНАС 22

АЛҒЫСӨЗ



Onega



Неке біздің өміріміздегі өзге де маңызды заттар тәрізді, белгілі бір дайындықты талап етеді.

Біз мамандық алу үшін университеттерде оқимыз, біліктілікті арттыру үшін курстарға барамыз, тәжірибе алу үшін жұмыс істейміз. Тек осыдан кейін ғана кәсіпқой маман деп аталып, мансабымызды қалыптастыра немесе өз бизнесімізді аша аламыз. Оған қоса, өміріміздің неке және отбасын құру тәрізді маңызды бөлігі дайындықтан басталуы тиіс. Отбасын кенеттен, қызуқанды ғашықтық эмоцияларында немесе жасың келді деген қоғамдық пікірдің қысымымен құрудың қажеті жоқ.

Біз өмірлік серігіңді таңдау мәселесіндегі дайындықтың, барлық өзге салаларға қарағанда, маңыздырақ екендігіне сенімдіміз. Өйткені неке – бұл әрбір күннен ләззат ала отырып, бірге өту қажет бүкіл өмір бойына созылатын процесс. Ал жұбайыңыз – сіз өзіңіздің ең үлкен бөлігін бірге өткізетін адам. Міне, сондықтан біз сізге лайықты серік табу үшін кеңінен таралған қателіктерге жол бермеуге және өзіңіздің махаббатыңызды бүкіл өмір бойына алып өтуге көмектесетін кеңестермен және ұсыныстармен бөліскіміз келеді.

ӨЗІҢНЕН Баста



Егер сенің үйленгің келсе,
ең алдымен ойланатын
нәрсе, сіздің бұл некеге
өзіңізбен бірге нені алып
келе алатыныңыз?

Сен жұмысқа тұрған
жағдайда, сені көптеген өзге
үміткерлердің арасынан
таңдау үшін бағалы
қызметкер болу қажет
екендігін білетін боларсың.
Сен отбасын құрғың
келгенде де, сол принцип
жұмыс істейді.



Ónege

Жалпы жігіттердің неге үйленгілері келеді?

Төмендегі ең кеңінен таралған себептер:

- Жаныңда біреудің болғаны.
- Ол маған қамқор болады: ас дайындайды, кір жуады, үйде жайлы жағдай жасайды және таза-лықты қарайтын болады.
- Маған мейірімділік және төсек қатынасын ұсынатын болады.
- Менің балаларымның анасы болады.
- Ол мен қамқорлық жасайтын, мені мақтаныш ететін, таң қалатын, эмоциялық қолдау білдіретін әйел, әрқашан менің жағымда болады.
- Мен өзімді жақсы көретін және күтіп отыратын үйге қайтқым келеді.
- Бұл менің мәртебемді өзгертеді, мен қайдағы бір бала емеспін, мен еркекпін.

Мұның барлығы жақсы себептер. Алайда – тек өзім, МАҒАН некенің не беретіндігі жайында ғана. Ал, шынымен жақсы отбасы адамның некені – бұл жай әдемі үйлену тойы және отбасылы адам мәртебесі еместігін түсінгенде ғана пайда болады. Сонымен қатар бұл – жауапкершілік және өзгерлерге қамқор болуға дайындық.

Жауапкершілік ал

Отбасы — бұл ең алдымен ЖАУАПКЕРШІЛІК. Сен оны ала аласың ба? Бойдақ өмірден бас тартуға дайынсың ба? Өзге адаммен бірге тұру, оның мүдделерімен санасуға дайынсың ба? Өздеріңізді, отбасыңызды материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету жауапкершілігін алуға дайынсы ба?

Отбасылық некенің алғашқы жылында ажырауының себептерінің бірі – өзге адаммен сыйысуға қабілетсіздік, өзінің өзгеруге дайын еместігі, өзге адамның мүдделері мен қажеттіліктеріне икемдене алмау. Отбасында мәмілеге келу, киікілжіндерді шешу, кешірім сұрау және кешіре білу, ең алдымен өзге адам туралы ойлау аса маңызды. Алайда көптеген жігіттер үйленген адамның мәртебесі мен өзінің бойдақ өмірін жалғастыруды үйлестіруге тырысады, ал бұл жұмыс істемейді. Шаруа оның жай ғана өзінің әдеттерін өзгертуі және үйге ертерек қайтып келуінде емес. Енді мен жалғыз емеспін, біздің командада екеуіміз және мен аға серіктеспін деп сананы өзгерту маңызды.

Өзіңнің орныңды тап

Көптеген халықтардың салтында жас жігіт отбасын құрудың алдында, сынақтан өтуі және арыстанды өлтіруі қажет. Бұл еркектердің қатарына өткізу ғұрпы, жігіттің еркек болғанын, өзінің әйелі мен отбасы үшін жауапкершілік алуға дайын екендігін көрсетеді.

Бұл принцип бүгінгі таңда да әділ. Әйелге барып және оған өзіңмен өмір жолын бөлісуді ұсынудың алдында, бұл жолды табу қажет. Өзіңнің КІМ екеніңді, НЕНІ және НЕ ҮШІН қалайтыныңды айқын түсіну қажет. Көбі әйелден өзінің еркектігінің дәлелін іздегілері келеді – егер менің жанымда осындай қыз болса, егер ол өзгелердің арасынан мені таңдаса, егер ол мені сүйсе және маған сүйсіне қараса – бұл менің еркек ретінде неге тұратынымды білдіреді. Бұл аса тайғақ жол. Алғашқы ұрсысқа дейін ғана. Әйел сізге еркектік абройды сыйлауға арналмаған. Қалыптасқан еркек өзін бағалауда ешкімнің пікіріне, қызының (әйелінің) да, әкесінің де, шешесінің де, достарының да пікіріне тәуелді емес. Ол толыққанды және өз бағасын біледі. Ол өзінің Кім екендігін және нені қалайтынын біледі және өзін жолдан тайдыруға мүмкіндік бермейді.




Лайық бол

Егер сен өз тағдырыңды әдемі, адал, ақылды, сүйетін әйелмен қосқың келсе, алдымен оған лайықты болу қажет. Өз арманыңына қанша пайыз сәйкес келетініңді шынайы бағала? 60? Онда сен оған не үшін қажетсің? 100% лайық бол! Ол өзінің өмірін мәңгі байланыстырғысы келетін – табысты, жауапты, мықты бол. Өзіңе қандай қасиеттердің жетпейтінін анықта және өзіңді жетілдір. Қажетті оқудан өт, жұмысыңды ауыстыр, пайдалы іс тап, жақсы кітаптар оқы, өзіңе жағымды ықпал ететін адамдармен аралас. Жалпы, өзіңнің ең таңдаулы нұсқаң бол.

ТАҒЫ ДА: бір-бірлерін іздейтін екі жарты туралы ескі аңызға сенбе. Иә, бұл өмірде сенің маңдайыңа жазғаны бар, алайда сен оған «шала адам» емес, тұтас ақыл тоқтатқан тұлға ретінде қажетсің. Бақытты неке – бұл екі жарасымды толыққанды тұлғалардың одағы. Сондықтан алдымен өзіңді тап, ал сосын саған лайықты серігің де табылады!

ДҰРЫС таңда



Óнеге




Қалай болғанда да некеге тұрудың жалғыз мақсаты – өзінің қалаулысымен бірге бақытты болу

Мәртебе, материалдық жағдай, туыскандардың қысымы немесе жалғыз қалу қорқынышы сияқты барлық өзге мақсаттар өзіңді табысқа жеткізбейді. Отбасы бақыты не ұзаққа созылмайды, не ешқандай қуаныш әкелмейтін болады. Онсыз да күрделі өмірде сәтсіз некемен өзіңізге қосымша қиыншылықтар тудырудың қажеті қанша?

Болашақ жарыңды таңдау – өмірлік таңдауларыңның ең маңыздысы екенін есіңнен шығарма

Бұған тест-драйв тәрізді, ұнамаса – ажырасып кетемін деп қарама. Керісінше, үйленуді бүкіл өмірге арналған іс-шара ретінде қарастыр. Сондықтан лайықты қыз ізде. Өзіңнің өміріңді осы адаммен, өміріңнің соңына дейін байланыстыратының, сенің балаларың өсетін отбасын құратындығың туралы өзіңе айқын есеп беру маңызды.



БІЗ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

- Көбі ең алдымен адамның сырт келбетіне қарайды. Сексуалды тартымдылық, әдемі киіне білу, өзін тиімді ұсына білу. Топқа ертіп баруға ұялмайтын сондай мәртебелі, «Таңдай қақтырар қыз». Егер менің жанымда сондай сұлу қыз болса, бұл менің де «сұлу жігіт» екенімді білдіреді. Осы маған маңыздылық пен мәртебелілік береді.
- Кейбіреулер қыздың отбасына қарайды және үйленуді әлеуметтік саты ретінде пайдаланады. Оның ата-анасы менің көтерілуіме, жоғары жалақысы бар беделді жұмысқа қолымның жетуіне көмектесе ме? Үйлену тойымызға машина, пәтер сыйлайды ма? Жас отбасыға материалдық тұрғыдан қолдау көрсетеді ме? – деп ойлайды.
- Қайсыбіреулер маған онымен жайлы ма, біздің бір-бірімізге деген сүйіспеншілігіз бен құмарлығымыздан өзге ортақ неміз бар? – деп ойлайды. Маған ол адам қызық па? Ол менің дінімді, менің құндылықтарымды және өмірге деген көзқарастарымды түсінеді ме? Алғашқы махаббат өткеннен кейін, мен онымен не жайында сөйлесемін? Мен оны өзімнің балаларымның анасы ретінде көре аламын ба, мен осы адаммен қарттықты бірге қарсы алғым келеді ме? – дейді.
- Кейбіреулер үшін ата-аналары таңдау жасайды. Күйеу жігіт пен қалыңдық бір-бірлерімен үйлену тойына дейін шамалы сөйлеседі. Әрине бұл заманауи емес, алайда статистика бойынша көптеген мұндай некелер де тұрақты және бақытты болып табылады. Себептерінің бірі – мұндай неке ғашықтықтан емес, керісінше қарым-қатынас құрудың және өзге адаммен тұрып үйренудің қажеттілігінен басталады. Егер екі адам бір-бірлеріне қамқорлықпен және сыйластықпен қараса, мұндай некелердің нәтижесінде шынайы түпсіз махаббатқа ұласатын ғашықтықтың пайда болуы да жиі кездеседі. Біздің елімізде жүз жыл бұрын барлық некелер тура осылай қиылған. Біздің ата-бабаларымыз бақытсыз болды деп айтуға болмайды.

Бұл сенің адамың ба, жоқ па екендігін түпкілікті түсіну үшін:

1. Оны жақынырақ білу. Ол не туралы айтады? Болашаққа қандай мақсаттары мен жоспарлары бар? Адамдарда нені бағалайды? Отбасылық өмірді қалай елестетеді? Сен бұл сұрақтардың жауабын білгенге дейін, салмақты жоспарларды құру қажет емес. Ақыл таразысына салынған шешім қабылда, бұл асығыстық танытатын сұрақ емес.
2. Оның болмысын, көзқарастарын және құндылықтарын білу үшін, онымен ұзақ уақыт бойы, кем дегенде бір жыл бірге уақыт өткізу қажет.
3. Оның отбасындағы қарым-қатынастардың қандай екенін, өзің оған жеңіл және шүбәсіз сіңіп кете алатының не алмайтыныңды, сондай-ақ сіздердің қатынастарыңыз болашақта қалай қалыптасатынын көру.
4. Оған үйленемін бе немесе жоқ па деген сұрақты қоюды тоқтату. Бұл сұрақ өзінің маңызын жоғалтатын сәт тууы қажет, себебі сенде бұл адаммен не істеу қажет екендігі туралы өзге нұсқа қалмайды. Өйткені бақытты неке махаббатсыз мүмкін емес. Көзсіз ғашықтық емес (бүгін кез келген жолмен, ал одан арғысын көре жатармыз), бұл әйелмен бірге кез келген жағдайлардан өтіп, өміріңнің соңына дейін жету және оған ұқсайтын балаларды өсіру тәрізді саналы ниет.

ЖАҚСЫ күйеу бол



Күйеу болу деген нені білдіреді? Әйелдер некеден нені күтеді?

Заманауи әлемде еркектің табыскер және қорғаушы ретіндегі рөлі туралы дәстүрлі ұғымы соншалықты сөзсіз емес. Таза еркектің және әйелдің жұмысы арасындағы шектер жоғалуда, еркек пен әйелдің рөлдері туралы әдеттегі түсініктер де жоғалуда. Әйелдерде заманауи әлемде білім алуға, мансап бойынша өсуге, бизнеспен айналысуға арналған мүмкіндіктері анағұрлым үлкен. Заманауи жағдайларда әйелдердің еркектерден тәуелділігі төмендеуде деп айтуға болады. Ол өзіне-өзі қамқор бола алады, қамтамасыз ете және қорғай алады. Бұл отбасын құрғысын келген әрбір жас жігітке үлкен сынақ. Заманауи жағдайларда еркек әйелге не ұсына алады?

Әртүрлі халықтардың ертегілерінде, аңыздарында бір ғана оқиға көрсетіледі. Ханшайым тұтқында, оны дуалап тастаған. Ханзада көптеген кедергілерден, сынақтардан өтіп ханшайымды іздеуге кетеді және жауызбен соғысып ханшайымды босатады. Аңыздар мен ертегілер аса танымал, өйткені олар біздің табиғатымызға іргелі, тереңінен сіңген затты көрсетеді. Әрбір әйел өзінің жүрегінің түпкірінде өзі үшін сынақтар мен қиыншылықтардан өтуге дайын, өзі үшін соғысатын, оны қорғайтын және оған қамқор болатын еркектің табылуын армандайды.

ҚАУІПСІЗДІК СЕЗІМІ

Еркектің әйелге ең бірінші сыйлай алатыны – бұл қорғалғандық сезімі. Ол күйеуінің АРТЫНДА. Ол мейлі бұл көшедегі бұзақы немесе қол қоярдың алдында заңдық шартты оқып шығу болсын, қандай бір қауіп төнген жағдайда, өзінің ерінің оны барлық сыртқы қатерлерден қорғайтынына сенімді болуы тиіс. Өзім куә боған жағдайды айтайын: қыз бен жігіт құшақтасып келе жатады және аяқ астынан үйдің бұрышынан үлкен қабаған ит жүгіріп шығады, жігіт түйсігі бойынша қыздың артына тығылады. Бұл жас жігіт қорғаушының тестінен өте алмады. Мұндай қатынастар ұзаққа бармайды деп ойлаймын.

Қорғалғандық сезімі қалай байқалуы мүмкін? Міне нағыз еркектерді кездестіру бақыты бұйырған, риза әйелдердің бірнеше пікірлері:

«Мен алдымда шұғыл тоқтаған машинаның артынан соққанда, қайты қорқып кеттім. Ол машинаның жүргізушісі атып шығып, маған қайты айқайлай бастады. Мен терезені және есіктерді жауып тастадым және күйеуіме қоңырау шала бастадым. Ол тез келіп, барлығын да шешті. Мен оған соншалықты ризамын. Ол нағыз еркек!»

«Мен оның, өзінің анасын қаншалықты жақсы көретінін білемін әрі оған қарсы шығудың оған қаншалықты қиын екенін түсінемін. Алайда ол әрқашан анасы менің шарушылықты қалай жүргізетінімді немесе біздің балалық қалай тәрбиелейтінімді айтып мені сынай бастаса, ол менің ортама түседі. Мен оның әрқашан менің жағымда екенін білемін!»



Onege

Маңыздылықты СЕЗІНУ

Психологтың

қабылдауындағы диалог:

- *Күйеуім мені жақсы көрмейді.*
- *Сіз неге олай деп шештіңіз? Мысал келтіріңізші.*
- *Некеміздің алғашқы жылы, ол күн сайын жұмысынан қоңырау шалатын және менің халімді білетін және сағындым деген тәрізді әртүрлі жағымды сөздер айтатын. Енді айтпайтын болды.*
- *Сіз бұл үшін нені сезінесіз?*
- *Мен ол үшін енді аса маңызды еместігімді сезінемін... мен енді алғашқы орында емеспін. Мен оның жұмыста екендігін түсінемін, мен оны алаңдатқыым келмейді. Мен жай ғана оның даусын естігім келеді, оның мен туралы кейде ойлайды ма, мені есіне алады ма, мен ол үшін әлі де маңызды екендігін білгім келеді.*

Жігіт қызға ұсыныс жасағанда – бұл оған, «Егер ол мені өзге әйелдерден артық санаса, яғни менің де құным болғаны ғой» деген тәрізді оның әйел ретінде қаншалықты бағалы, тартымды екендігі сезімін сыйлайды. Алайда үйлену тойынан кейін жігіттер еркінсиді. Олар мансаптарымен шұғылданды, бос уақыттарында отбасынан қашып және үйден тыс жерде демалуға ұмтылады. Алғашқы жылы олар алғыстарын және ризалықтарын білдіреді, алайда уақыт өткеннен кейін оның қамқорлығын қалпыты құбылыс ретінде қабылдай бастайды немесе одан да қиыны – талапшыл және сынағыш бола бастайды. Мұның барлығы әйелді өзін құнсызданғандай сезіне бастауына алып келеді. Сонымен бірге ері әйелінің өзін-өзі бағалауы үшін жасай алатынының ең нашары – бұл опасыздық. Сондықтан егер сен үшін отбасыңның бақытты болуы маңызды болса, өзіңнің әйеліңді бағалауыңды тоқтатпа, үйдегі жайлы жағдай және қамқорлығы үшін ризалығыңды білдір, оның қабілеттеріне сен және оның сен үшін жалғыз артық жаның екеніне ешқашан шүбә келтірме.

ЖАҚЫНДЫҚ

Әрине, сен әйелдердің бізді жігіттерді ашуландыратын келесі сұрақтарды жиі қоятынын білесің: Сен мені сүйесің бе? Сен мені тастап кетпейсің бе? Ал шағым түрінде айтылған осы сұрақтар, зығырданыңды қайнатады: Сен мені сүймейсің! Сенің менде шаруаң жоқ! Сен әрқашан өзің туралы ғана ойлайсың! Еркек не айтарын білмей қалады; қалайша?! Мен ол үшін барлығын істеймін, ол бағаламайды, байқамайды. Түсінбеушілік туындайды, кикілжің орын алады.

Іс жүзінде барлығын қаз-қалпында қабылдауға болмайды – бұл тек әйелдің жан айқайы ғана. Бұл сөздердің арғы жағында әйелдің махаббатқа, жақындыққа, эмоциялық құштарлыққа және оны жоғалтып алу қорқынышы тәрізді терең қажеттілігі тұр. «Мен саған біздің үйлену тойымызда сүйемін деп айтқанмын, егер бірдеңе өзгерсе айтармын» деген күлкілі әңгімені тек еркектер ғана түсінеді. Әйелге өзін сүйетінін бір рет есту жеткіліксіз. Ол үшін сенің жүрегіңдегі негізгі орынды оның алып тұрғанын білу маңызды. Ол қажет болған жағдайда жұбату мен қамқорлықты алатынын білу маңызды. Ол сенің оны әрқашан бағалайтынына, әрқашан жаныңда болатынына және қанша жылдар өтсе де әрқашан оған сүйсіне қарайтынына сенімді болу қажет. Мұны заңдылық ретінде қабылда.



Көңіл бөлу. Махаббат. Жақындық. Бұл әйелдер үшін, оларды не бақытты, не бақытсыз жасайтын ең маңызды заттар.



БАСШЫЛЫҚ

Қарапайым әйел, тіпті тәуелсіз әйелдің өзі де, өзінің ерінен, оның отбасы, яғни ол және балалар үшін жауапкершілікті алғанын күтеді. Жұмыс істейтін және ақша табатын, отбасын материалдық тұрғыда қамтамасыз ететін. Бұл оның жұмыс істегісі келмейді және ерінің мойнына мініп алғысы келеді (ондайлар да бар, алайда олар аз) дегенді білдірмейді. Ол жай ғана жауапкершілік пен отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етудің негізгі салмағын өзінің мойнына артатынына дайын емес. Өкінішке қарай, біз еркегі мұндай жауапкершіліктен бала тәрізді қашқақтайтын көптеген оқиғаларды білеміз. Кездейсоқ табыстармен өмір сүреді, ештеңеге ұмтылмайды, үй мен балалардың барлық қамқорлықтарын әйелінің мойнына іліп қояды. Иә, статистиканың көрсетуі бойынша, біздің елімізде әйел мұндай жағдайға ұзақ уақыт бойына төзе алады, алайда ерте ме, кеш пе егер еркек жауапкершілікті алмаса, ол барлығын өзіне алады. Аса жайсыз жағдай. Отбасындағы мәжбүрлі жетекшілік әйелді өзгертеді, ол өзінің биязылығын жоғалтады, қатаң, талапшыл бола бастайды, ерін сыйламайтын болады. Бұл ең соңынан отбасының ойрандалуына алып келеді. Егер әйел барлығын өзі істей алса, сен оған не үшін керексің? Сондықтан үйдегі басшылығыңды жоғалтып алма әрі номиналды ғана жетекші емес, нағыз Отбасы басшысы бол. Егер сен қайда баратыныңды білсең және саған арқа сүйеуге болатынын білсе, әйел сенің артыңнан қуана-қуана ілеседі.

ЖҰМЫС және отбасы



ҮЙ ЖҰМЫСТАРЫНА АРАЛАСУ

Көптеген ғасырлар бойына біздің мәдениетімізде рөлдер мен жауапкершіліктердің бөлінуінің жазылмаған қағидалары болды: еркек – табыскер. Ол аң аулайды, мал бағады, ауыл шаруашылығымен айналысады, егер қажет болса, өзінің отбасы мен жерін қорғау үшін қолына қару алады. Әйел – үйдің ошағының сақтаушысы. Ерінің тапқан табысынан ас дайындайды, үйде тәртіп пен жайлылықты ұстанады, бала туады және тәрбиелейді, барлығының қарындарының тоқ және киімдерінің көк екендіктерін қарайды. Бұл дәлелді және толықтай әділ болды. Соңғы жүз жылда жағдай айтарлықтай өзгерді. Әйелдері жұмыс істемейтін, тек отбасымен және үй шаруасымен айналысатын отбасы өте аз. Көптеген әйелдер еркектермен бірдей күніне 8 сағат, аптасына бес күн жұмыс істейді. Сонымен қатар егер ері табыс табу бойынша жауапкершілікті әйелімен бөліссе, еркегінің де үй шаруашылығында және балалардың қамын ойлауда, оған көмектескені және көбірек араласқаны әділ болатын еді. Әйелің демалып алуы және өзіне күтім жасауы үшін, балаларды бір-екі сағатқа алып және олармен қыдырып қайтудың еш әбестігі жоқ. Немесе оған үй жинауға, ыдыс-яқ жууға көмектесуге, кейде өзіңіздің сүйікті әйеліңіз үшін тамақ жасауға болады.



Аналары өзінің балаларына бере алмайтын заттар болады. Әкесінің қатысуынсыз, онымен жақын сенімді қарым-қатынассыз ұлдан нағыз еркекті, ал қыздан – толыққанды әйелді тәрбиелеп шығару мүмкін емес. Тек әкесі бірлескен еркектердің шаруаларында, сенімді еркектердің әңгімелерінде ғана ұлына азаматтық түсінігін бере алады, құндылықтарды оның бойына сіңіре алады, біртұтас мінездің қалыптастыруға көмектесе алады. Әлжуаз еркектердің және дәстүрлі емес сексуалдық бағдарды таңдаушы еркектердің санының ұлғаюы – әкесіздіктің тікелей салдары. Ал қыздың тәрбиесіне келетін болсақ, егер қыз әкесінің тарапынан еркектің назарын алмаса, одан таңдану және қолдау сөздерін естімесе, оның қамқорлығы мен пейілін көрмесе, бұл оның жүрегінде үлкен орны толмас бос кеңістікті қалыптастырады. Ол өзіне деген сенімсіздіктен зардап шегетін болады, өзін бағаламайтын еркектерге жолығатын болады, өйткені ол мұның не екенін білмейді.

Бақытты, табысты балаларды тәрбиелеуде әкенің рөлі аса маңызды. Үйде балалар пайда болғанда «өзін шеттетуге» жол беруге болмайды. Оларды суға түсіруден, тамақтандырудан, олардың аңғал сұрақтарына жауап беруден қорықпа. Бұл сенімен өмір бойы бірге болатын қуаныш.



Сонмыен балалардың үйде сенен нені көруі аса маңызды

Сенің өзіңнің әйеліңмен қарым-қатынастарың олар үшін рөлдік модель болады. Олар отбасында өзін қалай алып жүруді тура сенен, сенің сөздеріңнен емес, сенің қылықтарыңнан көреді. Егер сен жұбайыңа қамқор болсаң, ұлың мықты және қайырымды болуды үйренеді, ал қызың өзімшіл тиранмен ешқашан байланыспайды. Сен өзіңнің балаларға, тіпті, бұл туралы ойламағанда да ықпал ететініңді біліп қой. Сондықтан дұрыс бейнелер қалыптастыр, тәрбиеге қатысты жақсы кітаптар оқы, бала өсірген үлкен еркектермен әңгімелес және кеңестер сұра. Ал ең бастысы – жай ғана өзіңнің балаларыңның бар екендігіне қуан.

ТУЫСҚАНДАРМЕН қатынас



Алайда сенде де әйеліңде де келесілер болуы тиіс:

- өз аумақтарың
- өз бюджеттерің
- өз тоңазытқыштарың
- ас үйде бір бәйбіше



Туысқандармен, әсіресе ата-анамен қатынас, көбіне жас отбасылардағы кикілжіңдердің себебі болады.

Көбіне ата-аналарға олардың «ұлдарының» немесе «сүйікті қыздарының» үйленгені/күйеуге шыққаны және ата-аналарының отбасын тастап кеткендері қиынға соғады. Барлық ата-ана есейген балаларын эмоционалдық тұрғыда жіберуге дайын емес және жас отбасыны бақылауда ұстағылар келеді, өйткені олар тәжірибелі және ақылдырақ, ұзақ ғұмыр кешкен. Оларға кешірімді бол, олардың тек сендер үшін ғана жүректері ауырады және өздерінің қателіктерін қайталамағандарыңды қалайды. Олардың тұрақты бақылауының, кеңестерінің және құнды нұсқауларының түбірі осында.

Әрине, ата-аналардың араласуы саған да салмақ түсіреді және жас жұбайыңа тіпті артық. Некенің алғашқы жылы өздігінен күйзеліс болып табылады – бір-бірлеріңе үйренісулерің, ері/әйелі рөлін қабылдауларың, отбасылық қағидаларды қалыптастыруларың, сөзсіз орын алатын кикілжіңдерді шешіп үйренулерің қажет. Ал ата-ананың араласуы мұны одан әрі қиындатады. Әсіресе, әртүрлі жағдаяттарға байланысты, не қыздың немесе жігіттің ата-аналарымен бірге тұруға мәжбүр жас отбасыларға қиынға соғады.

Сен жаңа отбасының басшысы ретінде не істей аласың? Ең алдымен, ата-анаңнан бөлек тұру үшін барлық мүмкіндікті қарастыр. Бұл олармен араласудан немесе оларға қамқор болудан бас тартуды білдірмейді.



Шынайы өмірдегі шекараны қалыптастырудың мысалдары:

1. Оны жалғыз өзі, күйеуінсіз тәрбиелеген және эмоциялық жағынан қызына байланған әйеліңіздің анасы, есейген қызының әрбір күні қоңырау шалғанын және есеп бергенін, олар күйеуімен әрбір демалыста оның үйіне қонуға келгендерін талап еткен, ал демалысқа анасынсыз екеуінің ғана баруы туралы әңгіме де болмайды, ол ренжіп қалатын және мұндайды кешірмейтін еді. Бұған қосымша анасы, қызының таңдауын әлі де соңына дейін қолдамайтын және оның күйеуін әрқашан сынап отырады. Біртіндеп бұл жас отбасын бұза бастады. Әйелге бар күшін жинап және жұмсақ, алайда сенімді түрде анасымен сөйлесуге және шекараны белгілеуге тура келді. Ол анасынан енді өздерінің оның үйіне апта сайын келе алмайтындықтарын, оның орнына айына 1-2 рет келетіндіктерін, сондай-ақ осы жолы демалысқа екеуінің баратындықтарын және анасынан ортақ әңгімеден оның күйеуін сынау мен мінеуді алып тастауын өтінді. Алғашқыда анасы қызына ренжіді, алайда біртіндеп жас отбасының шекарасын қабылдады және күйеу баласына сыйластық таныта бастады.

2. Күйеуі баласын күйеусіз тәрбиелеп отырған өзінің үлкен әпкесіне материалдық тұрғыда көмектесіп тұрды. Бұл ретте көмектің көлемінің үлкендігі соншалықты, әпкесі жұмыс істемеді және тіпті жұмысқа шығу туралы ойламады да және арамтамақ тұрмыс көрді. Ол бауырының көмектескенін – азық-түлікке супермаркетке апарғанын, оның баласын балабақшаға тасығанын талап етті. Ол егер өзінің балаларына бір нәрсе алса, өзінің жиеніне де сондай сыйлық әперуге мәжбүр болды, өйткені әпкесі ренжіп қалатын еді. Жігіттің бар уақыты, күші және ақшасы бөтен жанұяға кетіп жатты және бұл оның өзінің отбасын бұзып жатты. Оған шешім қабылдауға және қаржылық көмекті және өзінің әпкесінің өміріне араласуын біртіндеп қысқартуға тура келді. Бұл тек проблеманы шешіп қана қойған жоқ, сондай-ақ әпкесінің ең соңында жұмыс табуына, күйеуге тиюіне және бауырының көмегіне тәуелді болуын тоқтатуына алып келді.

Алайда тіпті ата-анадан бөлек тұру сені өзіңнің отбасылық шекараларыңды белгілеудің және әйелінді сенің туысқандарыңның араласуынан қорғаудың қажеттілігінен босатпайды. Шекараның бұзылуының мысалы: анаңыздың ескертпестен немесе сендер жоқ кезде өзінің кілтімен, сендердің үйлеріңе «тексеруге» келуі, ал сосын сендер әйелің екеуің нені дұрыс істемейтіндерің туралы дау шығаруы. Бұған жол бермеу үшін, өзіңнің туысқандарыңнан, сендерге келетін уақыттарын келісулерін және ескертулерін сұра. Әйелінді негізсіз сыннан қорға.

Кейде ата-аналар жас отбасыға қаржылай қолдау көрсетеді, алайда ақшаны бақылау құралы ретінде пайдаланулары ықтимал, яғни, ақшаның өтемі ретінде, сендердің өздерінің қалауларымен жүргендеріңді талап етеді. Егер бұл жағдай орын алса, мұндай көмектен сыпайы бас тартқан жөн.

Осылай, егер сіз туысқандарыңыздың өзіңіздің отбасыңызға жағымсыз ықпалдарымен жолығатын болсаңыз, мұны бірге отырып талқылау, мысалы, ол өзінің анасынан сирек келуін өтінгенде және сен ата-анаңа пәтер тапқандарыңды және көшетіндеріңді айтқаныңда проблеманы шешудің нұсқаларын табу және дауыл кезінде бір-бірлеріңе қолдау көрсету аса маңызды. Өзіңнің әйеліңмен бір команда екеніңді ұмытпа және соңына дейін онымен қоршаудың бір жағында бол.



ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ

Егер сен шынымен де өзіңнің екінші жартыңды тауып және оны жылдар бойына сүйгің келсе, негізгі мәселелерді некеге дейін анықтап алған аса маңызды.

Біріншіден, танысу және онымен кездесіп жүру барысында, өздеріңнің бір-бірлеріңе сәйкес келетіндеріңді не келмейтіндеріңді түсіну маңызды. Сендердің құндылықтарың, қызығушылықтарың, діни сенімдерің сәйкес келеді ме? Сендер бір-бірлеріңе тұлғалық тип бойынша үйлесесіңдер ме? Мысалы, холерик типіндегі қос жұбайдың бірге болулары екіталай. Егер мұндай орын алса, бұл әрқайсысының зор тұлғалық есейгендіктерін және түсінісуге дайындықтарын көрсетеді.

Одан әрі, маңызды базалық сұрақтарға деген өздеріңнің көзқарастарыңды басынан бастап шешіп, өздеріңнің ұстанымдарыңды айқындап алу және келісімге келу қажет.

Осындай алдын ала сіздердің өзара ұстанымдарыңызды келісу бойынша жұмыс, орындалмаған дәмелерден келетін жағымсыз түңілуді айтарлықтай кемітеді, келіспеушіліктерді төмендетеді және кикілжіңдердің санын қысқартады, ал кездесіп жүрген кезеңінде, сол адаммен некеге тұру қателігінен сақтап қалуы да ықтимал.

Міне үйлену тойына дейін шешіп алу қажет бірнеше сәт:

Біз қайда тұратын боламыз? Кім ақша тбатын болады? Әйел жұмыс істемейді, бала бағумен және үй шаруашылығымен айналысатын болады деген болжам бар ма?

Біз балаларымыздың қашан және қанша болғанын қалаймыз? Егер біз баланы дереу қаламасақ, онда сақтанудың қандай жолын таңдаймыз? Біз балаларымызды қалай тәрбиелейтін боламыз?

Біздің еркек пен әйелдің рөлдері туралы түсінігіміз қандай, кім және не үшін жауап береді?

Біз өзіміздің ата-аналарымызбен қарым-қатынастарымызды қалайша құратын боламыз?

Біз демалысымызды қалай өткіземіз?

Ақшаны қалай жұмсайтын боламыз?



**Ең бастысы, әрқашан
әңгімелесіңіздер,
жоспарларыңызды
бірлесе талқылаңыздар,
өздеріңіздің ұстанымдарыңызды
келісіңіздер.**

«Қарт отбасылық жұп бірге 60 жыл өмір сүріпті. Содан, ері өлер алдында әйеліне айтады дейді: «Мен саған бір нәрсені мойындауым керек. Біз әр жолы бірге түскі ас ішкенде, мен саған нанның ортасын бердім, өйткені мен сенің оны қалай жақсы көретініңді білемін. Негізінен мен өзім де нанның ортасын қатты жақсы көремін. Сондықтан бүгін оны өзім жесем болады ма?» Әжей көзіне жас үйіріліп жауап берген екен: «Неге бұған дейін өзіңнің жақсы көретіңізде маған айтпадың? Мен сені сыртындағы қыртысын жақсы көреді деп ойладым, сондықтан оны саған беріп, өзім нанның ортасын жедім, алайда әрқашан нанның қыртысын жегім келген еді» деген ескі әңгімедегідей болып қалмауы керек.

БАҚЫТТЫ НЕКЕНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ

Қорытынды: бақытты отбасын құру үшін, алдымен өзіңіздің жаныңызға жақын адамды тап та онымен бір команда болуды тоқтатпа. Бір-бірлеріңізбен өздеріңіздің қалауларыңызбен, армандарыңызбен, ниеттеріңізбен бөлісіңіздер. Ортақ жоспар құрыңыздар, бірлесе отырып нәтижелерге жетіңіздер. Қуаныңыздар. Сүйіңіздер. Биікке ұмтылыңыздар. Жақсы балаларды тәрбиелеңіздер және оларды да соған үйретіңіздер.

**Отбасылық өмірлеріңіз бақытты болсын,
достар!**

ТЕСТ

Некеге тұруға дайынсыз ба?

Сіз келесі тұжырыммен келісесіз бе: Неке дегеніміз –

- a) бірін-бірі жақсы көретін адамдардың одағы
- b) мәнді де мағыналы өмір
- в) «әйелі» және «күйеуі» деген әлеуметтік мәртебе

Өз серігіңіздің бойында нені өзгерткіңіз келеді?

- a) ештеңе
- b) маған деген қарым-қатынасы
- в) әдеттері немесе мінез-құлқы

Өз серігіңізбен құпияларыңызды және сырларыңызды бөлісесіз бе?

- a) аздаған құпияларым бар
- b) менің серігімнен құпияларым жоқ
- в) мен тұйық адаммын

Ата-анаңыздың құптауы серік таңдауда соңғы шешім бола ала ма?

- a) мен ата-анамның пікіріне құлақ түремін, алайда соңғы шешімді өзім қабылдаймын
- b) мұндай мәселелерде біреумен ақылдасатын әдетім жоқ
- в) иә, мен үшін ата-ананың сөзі – заң

Сіз «баласыз үй – иесіз үй» дегенмен келісесіз бе?

- a) бала болған өте жақсы, әйтсе де ері мен әйелі де – отбасы
- b) өзімді ата-ана ретінде елестете алмаймын
- в) солай, отбасында міндетті түрде бала болуы керек

Қарым-қатынастарыңыз үшін қандай құрбандыққа дайынсыз?

- a) үйлесімді қарым-қатынас құрбандықты талап етпейді
- b) бұдан маған қандай пайда тиетінін ойланамын?
- в) мен бәріне дайынмын

Өз қарым-қатынастарыңызды қалай сипаттар едіңіз:

- a) сенімді, тұрақты
- b) құмарлыққа толы, тебіреністі
- в) бірдемені өзгерткім келеді

Қалай ойлайсыз, 10 жылдан кейін де бірге боласыздар ма:

- a) уақыт көрсетеді, ал қазір мен өте бақыттымын
- b) мен солай болады деп үміттенемін
- в) әрине, жоқ

Сіз өз серігіңізді толық білесіз бе:

- a) ол туралы үйленгеннен кейін толық біліп аламын
- b) некеге тұруға жетерліктей
- в) меніңше, ол менен бірдеме жасыратын секілді

Өз серігіңіздің бойында нені ерекше бағалайсыз:

- a) қамқорлығын, сыйластығын
- b) маған деген махаббатын
- в) мені қамтасыз ету мүмкіншілігін

Серігіңіздің қандай да бір әдеті сізді ашуландыра ма?

- a) біз жай ғана бірге болуды қалаймыз
- b) жалғыз өмір сүріп, бақытты күтуден жалықтым
- в) уақыты келді

Сіздің неге тұрмысқа шыққыңыз/үйленгіңіз келеді?

- a) біз жай ғана бірге болуды қалаймыз
- b) жалғыз өмір сүріп, бақытты күтуден жалықтым
- в) уақыты келді

Сіздіңше, сіздердің болашақ балаларыңыздың денсаулығына ең алдымен не ықпал етуі мүмкін:

- a) тұқымқуалаушылық, ата-ананың денсаулығы, қоршаған орта факторы
- b) медициналық сауаттылық және ата-ананың бала күтіміне байланысты ережелерді орындауға қатысты ұстанымы
- в) болашақ ата-ананың бірін-бірі сүйетін-сүймейтіні

Репродуктивті денсаулыққа бәрінен бұрын қандай фактор әсер етеді:

- a) серіктердің екеуінің де денсаулыққа қатысты ұқыптылығы мен күтімі
- b) жас болу
- в) өмірлік тәжірибе

Сіз «отбасын жоспарлау» дегенді қалай түсінесіз:

- a) ерлі-зайыптылар жұбының отбасындағы балалар саны туралы ортақ шешімге келіп, сондай-ақ осыған сәйкес шараларды қолдануы
- b) серігін таңдау
- в) серігінің адалдығы мен сенімділігі

Қанша ұпай жинағаныңызды санап, біліңіздер:

- Әріп А – 2 ұпай**
- Әріп Б – 1 ұпай**
- Әріп В – 0 ұпай**



Ónege

0-ден 10 ұпайға дейін:

Отбасылық өмір дәл қазір сіз үшін басты орында емес. Жалғыздықтан ләззат алып, өзіңіз үшін маңызды әрі қызық дүниелермен шұғылданыңыз, айналадағылардың кеңесіне мән бермеңіз. Әр нәрсе өз уақытымен... дегенмен де жан-жағыңызға қарап жүруді ұмытпаңыз, мүмкін, сіздің екінші жартыңыз жақын маңда жүрген болар.

11-ден 20 ұпайға дейін:

Сіздердің қатынастарыңыз керемет, алайда біреуге сеніп, онымен ұзақ уақыт және сенімді байланыс құру сізге әлі ерте. Сіз үшін қарым-қатынас – бұл романтика және құмарлық. Мансап құруды, достарыңызбен және сүйікті адамдарыңызбен кездесуді, өмірден барынша ләззат алуды жалғастыра беріңіз. Дәл қазір отбасылық тұрмыс пен балалы болуға дайын емессіз. Дегенмен, бос уақытта отбасындағы бақытты жұптарды бақылап, «берекелі отбасы» деп аталатын жұмбақты шешіп көруге тырысу артық болмас еді.

21 ұпайдан жоғары:

Сіздер қызығуға тұрарлықсыздар, жұптарыңызды керемет болашақ күтіп тұр. Екеуіңіз бірге барлық кедергілерден өте аласыздар. Мансап жолы да, балалар да, кешкі уақытта дастарқан басында бірге өткізген ғажайып сәттер де сіздерге қуаныш сыйлайтын болады. Ата-баба дәстүрін құрметтеп, өз дәстүрлеріңізді құрыңыздар. Сіздерде берекелі отбасын құрып, бақытты өмір сүруге керектінің бәрі бар.



Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі – ақпарат, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар және отбасы саясаты, қоғамдық сананы жаңғырту, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім салаларында басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және мемлекеттік органы болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Қазақстандағы мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы өзара әрекеттестік механизмін жетілдіріп, грант беру қызметінің ашықтық деңгейін қамтамасыз ету үшін құрылған. Оның қызметінің негізгі түрі – ҰЕҰ-ға мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды ұсыну және олардың жүзеге асуын бақылау.



«Отбасы академиясы» ҚҚ Қазақстанда 10 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Балалардың құқығын қорғау және Қазақстанда балалық шақ инфрақұрылымын дамытып, отбасына және балаларға бағытталған әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру арқылы отбасы институтына қолдау білдіру оның міндетіне кіреді. Қор 2013 жылдан бері Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жетімдікті қысқарту міндетін шешу мақсатында «Бала отбасымен бірге өмір сүруі керек» жобасын іске асырумен; 2016 жылдан мен балаларға көмек көрсетудің механизмі ретінде отбасы мен балаларға көмек көрсетудің тиімді технологияларын дамытумен айналысып келеді.





Ónege

